

## ГРАФИКА ӨНЕРІМЕН ӨРІЛГЕН ТАРИХИ ЖАД (ҚР Ұлттық музей қорындағы Н.С. Гаевтің туындылары)

**Аңдатпа:** Мақала кеңес дәуірінің көрнекті графика шебері, Қазақ КСР-інің халық суретшісі және еңбек сіңірген өнер қайраткері Н.С. Гаевтің соғысы тақырыбына арналған графикалық туындыларын талдауға арналған. Зерттеудің өзектілігі кеңестік кезеңнің көркем мұрасын тарихи жады мен көрнекі мәдениет тұрғысынан қайта пайымдау қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – Гаев шығармаларындағы бейнелеу тілі мен композициялық құрылым ерекшеліктерін анықтап, соғыс тақырыбы аясындағы көркемдік-идеялық концепциясын ашу.

Зерттеу әдістемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорында сақталған графикалық туындыларға өнертанушылық талдау жүргізуге негізделген. Жұмыс барысында иконографиялық және семиотикалық талдау әдістері, сондай-ақ тарихи-мәдени контексті ескере отырып, контекстуалдық тәсіл қолданылды.

Суретші шығармашылығын жан-жақты зерделеу нәтижесінде Н.С. Гаевтың қолтаңбалық ерекшелігіне тән – деректілік пен символикалық-метафоралық бейнелеу тәсілдерінің үйлесімді сабақтастығы анықталды. «Ленинградтық өренім», «Не үшін?», «Шарасыздық», «Таң сәріде», «Өткен туралы ойлар», «Бухенвальд нәубеті», «Циклон», «Күл», «Жұлдызды сәт» секілді туындылары соғыс кезеңінің рухани және әлеуметтік болмысын, трагизм мен гуманизмді терең сезіммен бейнелейді. Суретші аллегориялық образдар, пластикалық шешімдер арқылы эмоциялық әсерді күшейтеді.

Қорыта келе, Н.С. Гаевтың шығармашылық мұрасы соғыс трагедиясының көркем көрінісі, сонымен қатар ұлттық жадыны сақтау құралы ретінде де жоғары тарихи-мәдени маңызға ие екендігі айқындалды. Бұл зерттеу отандық өнертану ғылымын дамытуға үлес қосып, бірегей музейлік дереккөздердің өзектілігін арттырады. Автор Н.С. Гаевтың Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорында сақталған графикалық мұрасын жан-жақты саралап, оның рухани-мәдени маңызын аша түседі.

**Түйінді сөздер:** графика,  
офорт,  
линогравюра,  
литография,  
тарихи жад,  
композиция.

**Дәйексөз үшін:** Жазира Аксакалова. «Графика өнерімен өрілген тарихи жад (ҚР Ұлттық музей қорындағы Н.С. Гаевтің туындылары).» *Eurasian Science and Arts*, т. III, № 18, 2025, 28–38 б. DOI: 10.65199/2617-6823-2025-3-3. (Қазақша)

IRSTI 18.31.41

UDK 76.03

DOI: 10.65199/2617-6823-2025-3-3

Zhazira Aksakalova<sup>1</sup>

<sup>1</sup> National Museum of the Republic of Kazakhstan  
(Kazakhstan, Astana)

## HISTORICAL MEMORY EMBODIED THROUGH THE ART OF GRAPHICS (Works by N.S. Gaev from the Collection of the National Museum of the RK)

**Abstract:** The article is devoted to the analysis of graphic works by the outstanding master of graphics of the Soviet era, People's Artist of the Kazakh SSR and Honored Artist N.S. Gaev, created on the theme of war. The relevance of the study is determined by the need to reconsider the artistic heritage of the Soviet period from the perspectives of historical memory and visual culture. The aim of the research is to identify the distinctive features of the visual language and compositional structure in Gaev's works, as well as to reveal his artistic and ideological concept within the context of the war theme.

The methodology of the study is based on an art historical analysis of graphic works preserved in the collections of the National Museum of the Republic of Kazakhstan. During the research, iconographic and semiotic methods of analysis were applied, along with a contextual approach taking into account the historical and cultural context.

As a result of a comprehensive study of the artist's work, Gaev's distinctive authorial style was identified, combining documentary realism with symbolic and metaphorical modes of representation. Works such as "My Leningrad Children," "For What?," "Despair," "At Dawn," "Thoughts of the Past," "The Buchenwald Alarm," "Cyclone," "Ashes," and "At the Starry Hour" deeply and emotionally convey the spiritual and social reality of wartime, expressing both tragedy and humanism. The artist enhances the emotional impact through allegorical images and plastic (formal) solutions.

In conclusion, it is noted that N.S. Gaev's creative legacy holds significant historical and cultural value as an artistic reflection of the tragedy of war and as a means of preserving national memory. This study contributes to the development of domestic art history and increases the relevance of unique museum sources. The author provides a comprehensive analysis of Gaev's graphic heritage held by the National Museum of the Republic of Kazakhstan, revealing its spiritual and cultural significance.

**Keywords:** graphics,  
etching,  
linocut,  
lithography,  
historical memory,  
composition.

**Cite:** Aksakalova, Zhazira. "Historical Memory Embodied Through the Art of Graphics (Works by N.S. Gaev from the Collection of the National Museum of the RK)." *Eurasian Science and Arts*, vol. III, no. 18, 2025, pp. 28–38. DOI: 10.65199/2617-6823-2025-3-3. (in Kazakh)

ГРНТИ 18.31.41

УДК 76.03

DOI: 10.65199/2617-6823-2025-3-3

Жазира Аксакалова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Национальный музей Республики  
Казахстан (Казахстан, Астана)

## ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ, ВОПЛОЩЕННАЯ ИСКУССТВОМ ГРАФИКИ (Произведения Н.С. Гаева из фондов Национального музея РК)

**Аннотация:** Статья посвящена анализу графических произведений выдающегося мастера графики советской эпохи, народного художника Казахской ССР и заслуженного деятеля искусств Н.С. Гаева, созданных на тему войны. Актуальность исследования определяется необходимостью переосмысления художественного наследия советского периода с точки зрения исторической памяти и визуальной культуры. Цель исследования – выявить особенности изобразительного языка и композиционной структуры в работах Гаева, а также раскрыть его художественно-идейную концепцию в контексте военной тематики.

Методология исследования основана на искусствоведческом анализе графических произведений, хранящихся в фондах Национального музея Республики Казахстан. В процессе работы применялись иконографический и семиотический методы анализа, а также контекстуальный подход с учетом историко-культурного контекста.

В результате всестороннего изучения творчества художника была выявлена характерная для Гаева авторская манера, сочетающая документальность и символично-метафорический способ изображения. Такие произведения, как «Ленинградцы дети мои», «За что?», «Отчаяние», «На заре», «Думы о прошлом», «Бухенвальдский набат», «Циклон», «Пепел», «В звездный час» глубоко и эмоционально передают духовную и социальную реальность военного времени, трагизм и гуманизм. Художник усиливает эмоциональное воздействие с помощью аллегорических образов и пластических решений.

В заключении отмечается, что творческое наследие Н.С. Гаева обладает высоким историко-культурным значением как художественное отражение трагедии войны и как средство сохранения национальной памяти. Настоящее исследование вносит вклад в развитие отечественного искусствознания и повышает актуальность уникальных музейных источников. Автор всесторонне анализирует графическое наследие Н.С. Гаева, хранящееся в Национальном музее Республики Казахстан, раскрывая его духовно-культурное значение.

**Ключевые слова:** графика, литография,  
офорт, истоическая память,  
линогравюра, композиция.

**Для цитирования:** Жазира Аксакалова. «Историческая память, воплощенная искусством графики (Произведения Н.С. Гаева из фондов Национального музея РК)». *Eurasian Science and Arts*, т. III, № 18, 2025, с. 28–38. DOI: 10.65199/2617-6823-2025-3-3. (На казахском)

**Кіріспе.** Кеңес дәуіріндегі графика өнері – XX ғасырдағы бейнелеу мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл салада өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген, Қазақстанның бейнелеу өнері тарихында терең із қалдырған суретшілердің бірі – Н.С. Гаев. Алайда, оның шығармашылығы, әсіресе соғыс тақырыбына арналған графикалық туындылары қазіргі таңда жүйелі түрде зерттеле қойған жоқ. Бұл – зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болған басты факторлардың бірі.

Тақырыптың өзектілігі – Н.С. Гаевтың соғыс жылдарындағы графикалық туындылары арқылы сол кезеңнің рухани, әлеуметтік және тарихи болмысын бейнелеуінде. Соғыс қасіреті мен адамзат трагедиясын көркем тілмен жеткізе білген бұл шығармалар тарихи жадты сақтауда, ұлттық сана мен көркемдік мұраны ұрпаққа жеткізуде айрықша рөл атқарады. Зерттеудің мақсаты – Н.С. Гаевтың графикалық туындыларына талдау жасау арқылы оның тарихи жад контекстіндегі көркемдік концепциясының мәнін ашу. Мақаланы жазу барысында суретшінің графикалық туындыларына стилистикалық және семиотикалық талдау жүргізу; соғыс тақырыбындағы образдар мен рәміздердің мазмұндық мәнін ашу; Н.С. Гаев шығармашылығының тарихи-идеялық және көркемдік маңызын айқындау сынды бірнеше міндеттер жүктелді. Зерттеу әдістері ретінде сипаттамалық талдау, семиотикалық және тарихи-контекстуалдық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижелері көркем мұраны зерделеу мен ұлттық музей қорындағы туындыларды ғылыми айналымға енгізуге өз үлесін қосады.

**Нәтижелер және талқылау.** Н.С. Гаев кеңес кезеңінің графика шебері, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, халық суретшісі. 1941 жылы суретші Свердловск көркемсурет училищесін тәмамдап, әскерге шақырту алып, одан әрі Ұлы Отан соғысына қатысқан. Сол себепті де суретші шығармашылығында соғыс тақырыбына

деген аса қызығушылық бой алды. Өнертанушы Г. Сарықұлованың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, Н.Гаев өзінің еңбек жолын 1946 жылы «Қазақфильм» киностудиясынан бастау алған. Бірақ суретші ретінде оны көбіне графика саласы қызықтырып, шығармашылық жолын еліміздегі баспалармен байланыстырып, кітап иллюстраторы ретінде қызмет атқарады (Сарыкулова 52).

Николай Степанович Гаев «Ұлы Отан соғысының қасіреттерін басынан кешірген кеңес суретшілерінің» қатарына кіреді (Марченко 3). Соғыс кезіндегі фашистердің озбыр саясаты мен оған қарсы тұрған халықтың қаһармандық рухы суретшінің жадында өшпестей із қалдырды. Әскерден қайтқаннан кейін суретші Алматыға келіп, қазақ топырағында өз шығармашылығын жандандырады.

Соғыс тақырыбындағы графикалық композициялары кеңестік идеология жағдайында қалыптасып, өнер патриотизм рухында азаматтарды тәрбиелеу құралы ретінде қарастырылды. Кеңестік кезеңнің суретшілері деректік шындықпен қатар, халықтың эмоциялық, рухани күйін де жеткізуге ұмтылды. Өнер майданында еңбек еткен Гаев соғыс шындығын баяндай отырып, Гитлердің қанды саясатын шынайы көрсетуді, халықты жігерлендіруді мақсат етті.

Мысал ретінде алатын болсақ, «Ленинградтық өренім» (Қосымшаны қараңыз, 1-сурет) атты офорт техникасында орындалған композициясы бүкіл кеңес халқының қаһармандығы мен батырлығының символына айналған, қазақтың белгілі ақыны Ж. Жабаевтың Ұлы Отан соғысы жылдарында патриоттық рухта жазылған толғауына арналған. Ақын өз шығармасында жауынгерлерге «Ленинградты жауға бермеңдер!» деген ұран тастап, оларға рух беруге тырысқан. Осы жайында ғалым С. Садырбаев өз еңбегінде былай дейді: «Өлеңнің күші мен құдіреті адам айтса нанғысыз болған. Батыстан жау төнгенде, Шығыстан Отанның

атынан Жәкеңнің жігерлі даусы естілген. Бейне бір Жәкең Алатаудың шыңында тұрып, Нева халқы мен солдаттарына жігер бергендей, айбынды аманат айтқандай. Ленинградтың тарихында жау алдында тізе бүгу болған жоқ, болмақ емес те, қоршауда қалған мың сан адамдарға Жамбыл керемет рух берген» (Садырбаев 201–202).

Мұны біз «Ленинградтық өренім» атты туындыдан терең сезіне аламыз. Көлденең қағаз беті үш бөлікке бөлінген көріністермен толтырылған. Сол жақ бөлікте үйдің ішкі көрінісі, үстел үстінде нан мен көк пияз және құмыра, кесе, стақан сынды ыдыстар бейнеленген. Бөлме іші жарық әрі жылулыққа толы, яғни бұл ішерге асы бар, бейбіт кезеңдегі халықтың бейғам тіршілігінің көрінісі. Төменгі бөліктегі кең байтақ дала мен асқар тау – кеңдіктің, еркіндіктің, тектіліктің, рух биіктігінің белгісі. Бұл табиғат көріністері де Жамбыл жырының өзегінде тұрған, шабыт көзіне айналған ұлы мекен – қазақ даласының бейнесі.

Ортаңғы бөліктегі көріністе қара түс басым келіп, сұрапыл соғыстың келгендігінен хабар беруде. Алдыңғы бөліктен шұбарланып, туындының оң жағына қарай будақтаған түтін сынды созылған көрініс, бейне бір осы соғыстың хабаршысы сынды. Ортаңғы бөлікте бейнеленген қарт кісілер мен әйел, балалар бейнесі майданға кеткен барша жауынгерлердің артында қалған жақындарының жинақталған образы ретінде ұсынылуда. Үлкендердің бет-жүзінде қайғы мен мұң басым келсе, кішкентай бүлдіршіндердің көз жанары үрей мен қорқынышқа толы.

Туындының оң жақ бөлігінде ойға шомған Жамбылдың бейнесі. Оның жүзінен елінің болашағына деген алаңдаушылық анық байқалады. Жоғарғы тұсында сол кезеңдегі Ленинградтағы зәулім ғимарат бейнеленген. Бұл ғимарат қанды соғыста жауға берілмей, елі үшін қасқайып күрескен азаматтардың ерлігінің символы іспетті.

Осылайша автор Жамбыл Жабевтың толғауына өзіндік үн қоса отырып, соғыс

жылдарындағы халықтың ауыр тұрмысын, қайғы мұңын жеткізуге барынша тырысқан. Композиция тұрмыстық сюжет шегінен шығып, соғыс зұлматын бастан кешкен бейкүнә жандардың бейнесін көрсетеді. Жарық пен көлеңкенің қатынасы, сызық фактурасы мен контраст көріністер негізінде драматизмді күшейтсе, балалар жүзіндегі эмоциялық әсер – бейнені метафоралық әрі поэтикалық сипатқа бөлейді.

Осындай көркемдік тәсілдер суретшінің «Не үшін?» (Қосымшаны қараңыз, 2-сурет) деп аталатын линогравюра техникасындағы графикалық туындысында да шеберлікпен қолданылады. Бұл композиция соғыс кезінде жетім қалған балалардың аянышты тағдырына арналған. Қағаз бетінен тікенекті қоршау сымның арғы жағынан, көрерменге тікелей қарап тұрған, ұл мен қыз баланың бейнесін көре аламыз. Басына бас киім киген ер бала екі қолымен тікенекті қоршау сымға жармасқан. Ал жанындағы қарындасы ағасына қарай тығылып, қамқорлық іздегендей. Ұл баланың көрерменге қарай тікелей бағытталған мұңға толы көз жанарынан «Мұның бәрі не үшін? Біздің не кінәміз бар?» – деген сұрақтарды оқуға болады. Қыз бен ұл баланың бет-әлпетіндегі әрбір сызықтан олардың мүшкіл хәлдері айқын көрінеді. Бақытты балалық шақтарына шектеу қойған тікенекті қоршау сымдар композициядағы трагедияны өршіте түсуде. Гаев өз дәуірінің көрерменіне түсінікті символдарды шебер қолданған. От, тікенек қоршау, ескерткіштер, қиранды қалалар сынды жиі кездесетін бейнелер халық жадында қалған азаптың нышанына айналған элементтер.

Ұлттық музей қорында, Н. Гаевтың соғыс тақырыбына арналған туындыларының қатарында, 1960 жылдары линогравюра техникасында орындалған, «Қарт большевиктің естеліктері» атты сериясына енген бірқатар графикалық туындылары да сақталған. Өнертанушы Г.А. Сарықұлова осы графикалық топтама жайында «Очерки истории изобразительного искусства Казахстана»

атты еңбегінде былай дейді: «Гаев Қазан төңкерісінен кейін қазақ халқының өмірінде болған үлкен әлеуметтік өзгерістерді көрсеткен. Серия тұтасымен жақсы ойластырылған, суретші қазақ халқының ауыр өткенін, жарқын болашаққа деген күресін бейнелі түрде ашады. Мұның бәрі әсерлі, бірақ өте үнемді құралдар арқылы жүзеге асады. Парақтар қара және ақ дақтар мен жазықтықтардың қарама-қарсылығына, олардың динамикасы мен ырғағына құрылған» (Сарыкулова 53). Мұндағы өнертанушы айтып отырған «үнемді құралдар» форманың, ырғақ пен композицияның көмегімен ішкі мазмұнды ашудың кәсіби үлгісі болып табылатын минималистік тәсіл.

Осы серияның бірінші бөлігі «Шарасыздық» (Қосымшаны қараңыз, 3-сурет) деп аталып, аштық кезінде боранды күні далада қалып, балаларының өліміне күәгер болған шарасыз күйдегі ер адам мен әйелдің бейнесі. «Қағаз бетінде, аяғын нық басып тұрған, әкенің монументалды бейнесі» (Сарыкулова 53) көрерменге арқасын беріп, өзі екі қолын жоғары көтеріп, жан ұшыра көмек сұрауда. Ал әйел болса, екі бетін басқан күйі, алдында сұлқ түсіп, өліп жатқан баласын жоқтап отыр. Бұл үмітсіздік пен шарасыздықтың көрінісі. Баланың жансыз денесі жағдайдың қаншалықты ауыр екендігін көрсетеді. Жер бейнесі ақ пен қара түстің өзара контрастында шешіліп, тепе-теңдікті теңшеп тұр. Қара мен ақ түстің қарама-қарсылығы драмалық көңіл-күйді күшейтіп, оқиғаның мазмұны айқын сезіледі. Осындай минималистік тәсіл арқылы суретші оқиғаны «айқайлатпай», символдық және метафоралық түрде баяндайды.

Артқы фонда көрінген әлсіреген жылқы бейнесі де өмір мен өлімнің арасындағы күресті меңзеп тұрғандай. Басты назар кейіпкерлердің «...эмоционалды күйіне бағытталып, суретші үшін адамның ішкі жан-дүниесіндегі арпалысты сезіндіру» маңызға ие (Марченко 6). Ер адамның іс-қимылы сырт киіміндегі штрихтар және де боранды ауа

райының сипатын білдіретін сызықтар композицияға динамика қосуда. Сонымен қатар шарасыздық күйіне түскен ер азаматтың ішкі жан-дүниесіндегі арпалыстары мен өмірге деген күресті бейнелеуде. Осылайша бұл туындыда суретші адам өмірінде орын алған үлкен қасіретті бейнелейді. Бұл тек жеке трагедия ғана емес, бүкіл халықтың ортақ құрбандығының көрінісі. Демек, Гаев метафора арқылы жекелеген тағдырды жалпылау арқылы шығармаға ұлттық сипат береді.

Суретші шығармашылығындағы «Таң сәріде», «Бақытқа қарай», «Өткен туралы ойлар» туындыларының композициялық шешімдері бір-бірімен тығыз байланыста болып, монументальды дене бітімінің терең философиялық және психологиялық мәнін ашуға бағытталған. Әрбір туындыда суретші өз кейіпкерлерінің ішкі әлемін, ой толғауларын, өткен мен қазіргі арасындағы рухани байланыстарды шебер көрсетеді.

«Таң сәріде» (Қосымшаны қараңыз, 4-сурет) туындысында суретші әскери адамның бейнесін аса монументалды етіп шешкен. Штрихтарды минималды қолдану арқылы оның дене бітімін айшықтап, символдық мағына беру мақсатында алдыңғы шептегі адамның бейнесін толықтай қара түспен жеткізген. Мылтығына сүйеніп, қатулы көз жанарын бір нүктеге қадай қарап отырған жауынгердің бейнесі бейбітшілік пен соғыстың арақатынасы туралы ойларды қозғайды. Бұл туындыда қолданылған қара түстер мен штрихтар көркем түрде адамның ішкі жан дүниесінің күңгірт жағын, өткен соғыстың ауыртпалықтарын және осының салдарынан пайда болған эмоциялық дағдарысты көрсетеді.

«Өткен туралы ойлар» (Қосымшаны қараңыз, 5-сурет) шығармасы «Таң сәріде» туындысының логикалық жалғасы іспеттес. Бұл туындыдағы кейіпкердің өткені мен бүгінгі арасындағы уақыттық аралықты суретші терең философиялық оймен ашады. Шашына ақ түсіп, терең ойға шомған көзқарасы өткеннің ауыртпалықтарын ой

елегінен өткізіп, қазіргі уақытта тыныштық пен бейбітшілікті іздеу жолындағы күресті көрсетеді. Алдында тұрған әскери жұлдызы бар құлақшын, фотосурет пен бүктеулі қағаздар соғыстың өткен күндері мен естеліктері туралы толғаныстарды бейнелейді. Жоғарғы бөліктегі қара пішін мен зигзаг тәрізді ақ сызықтар, ішкі күйдің күрделілігін, сондай-ақ өткен уақыттың ауыртпалықтарын айқындайды. Зигзагтың бейнесі психологиялық толғаныстардың арпалысын, ойлар мен естеліктердің арасындағы қайшылықтарды меңзейтіндей. Суретші осы элементтер арқылы өткеннен арылудың қиын екенін, бірақ сонымен бірге жауынгердің өз ішкі дүниесін тыныштыққа жетелеуге деген ұмтылысын білдіреді.

Бұл шығармаларда жалпы алғанда, суретші монументалды дене бітімін таңдай отырып, адам фигурасының рухани тереңдігін көрсетуге ұмтылады. Шығармадағы қара түстер мен штрихтар адамның ішкі жан дүниесінің күрделі сипатын ашуға қызмет етуде. Сонымен қатар, кейіпкерлердің физиологиялық бейнесі арқылы олардың ішкі күйзелістерін, ой толғамдарын, өткен мен қазіргі арасындағы байланыстарды сипаттайды.

Суретшінің фашизм саясатына арналған «Бухенвальд нәубеті» (Қосымшаны қараңыз, 6-сурет) атты графикалық туындысы 52x45 шағын форматында, қағаз материалында, линогравюра техникасында шешім тапқан. Бұл композиция Гитлерлік Германия аумағындағы ең ірі концлагерьлердің бірі – Бухенвальдта болған қасіретке арналған. Қаншама адамдар азап шеккен бұл лагерь 1937 жылы құрылып, 1945 жылға дейін 50 мыңнан астам еврей мен басқа да ұлт өкілдерін қырғынға ұшыратқан. Гитлердің қанды саясатының негізінде көптеген адамдарға азаптау мен өлімге әкелетін медициналық тәжірибелер жасалды. Тақырыптағы нәубет сөзінде осы қиянат пен қасіретті білдіреді.

Тік форматты қағаз беті екі бөлікке бөлінген. Композицияның оң жағында үлкен планмен қолына кісен салынған күйде тұтқынның формасын киген азапталушы

бейнесі. Бұл – көрерменнің назарын бірден өзіне бағыттайтын негізгі бейне. Оның артқы жағынан тағыда екі кейіпкердің бас бейнесін көре аламыз. «Шаршаған тұтқындардың жүздері даралық белгілерінен айырылған. Осы жалпылауда терең мағына бар» (Марченко 8). Тұтқынның бет жүзінен қаншама қасірет шеккені көрініп тұрғанымен, ол басын жоғары көтеріп қасқайып тұр. Бұл – тұтқынның ауыр жағдайына қарамастан, рухани беріктігін, бас имейтіндігін бейнелеудің бір тәсілі. Оның қолындағы кісен езгі мен еркіндіктің жоқтығын білдірсе де, бастың жоғары көтерілгені рухтың сынбағанын көрсетеді. Яғни, бұл үміт пен ішкі ерліктің символы. Оның артқы жағынан көрінген екі тұтқын – жеке тағдырдың артында тұрған ұжымдық қасірет пен ортақ күрестің белгісі. Бұл көрініс туындының үштен бір бөлігін ғана алып тұрғанымен, рухани мазмұнды тереңдететін, азап пен үміттің, жеке мен ұжымның, қасірет пен беріктіктің көркемдік тілмен жеткізілген көрінісі.

Ал көпқұрылымды композицияның қалған бөлігінде Бухенвальд алаңының кескіні болса, алдыңғы бөлікте жерде қара жамылған әйел отыр. Оның артқы жағында осы нәубеттің құрбандарын еске алуға келген адамдар бейнесі. Адамдардың жоғарғы жағында тұғырдың үстінде тұрған екі құрбандық қазандығы бейнеленген. Одан шыққан ақ-шұбар түтін туындының сол жағынан оң жағына қарай будақтауда. Одан әрі төменнен жоғары қарай баспалдақтармен өрлеп бара жатқан халықтың бейнесі көрінеді. Әр жерден бір қолдарына ұстаған ақ лозунгтар байқалады. Туындының сол жақ артқы бөлігінде үлкен мұнараның бейнесі, оның жоғарғы жағынан әр тарапқа шашылған күн нұры іспетті қоңырау үні таралуда. Бұл халықты жинауға арналған ескерту немесе дабыл сигналы, әдетте ол қоңырау соғумен, кейде барабан ұрумен берілетін болған. Композициядағы түтіннің будақтауы мен қоңырау үнінің таралуы көріністегі динамика мен қайғы қасіретті одан әрі күшейте түсуде.

Қылқалам шебері осы тақырыпты одан әрі өрбітіп, фашизмнің зұлымдығын баяндайтын келесі туындысы «Циклон» атты линогравюрасы (Қосымшаны қараңыз, 7-сурет). Мұнда нацистік Германиядағы газ

камераларында тұтқындарды жаппай қырып-жою тақырыбы көтерілген. Циклон дегеніміз – бұл «цианид негізіндегі пестицид», 1920-жылдары Германияда жасалған. Бұл зат әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде концлагерьлерде адамдарды жаппай өлтіру үшін газ камераларында қолданылғанымен белгілі. Нацистер «Zyklon B» газын адамдарды жаппай қыру үшін алғаш рет 1941 жылдың 3 қыркүйегінде қолдана бастады. Деректерге сүйенетін болсақ, сол күні «Освенцим» концлагерінің №11 блогының жертөлесінде 600 кеңестік әскери тұтқын мен 250 ауыр науқас поляк өлтірілді. Келесі тәжірибе осы лагерьдің №1 крематорийіндегі мәйітханада 900 кеңестік әскери тұтқынға жүргізілді. Бұл әдіспен шамамен 1,1 миллион адам өлтірілді, олардың басым бөлігі – Освенцим лагерінде болған екен.

Қағаз бетінде үш түрлі көрініс шешім тапқан. Негізгі көрініс газ камераларындағы азапталушы тұтқындар. Төменгі бөлікте газға уланып, әбден әлсіреп, қиналып жатқан әйелдер мен балалардың бейнесі берілген. Ал тұрып тұрған әйел, соңғы күш-жігерін жинап, бір қолымен баласын ұстаса, екінші қолын жоғары созып, жаратушыдан көмек күтуде. Бұл негізгі көрініс үшбұрыш формасында келтірілген.

Туындының жоғарғы тұсында плакат сипатында келтірілген екі көріністі көре аламыз. Сол жақ бөлікте «GAS» жазуы мен газдан қорғануға арналған бетперде киіп, қолдарына қару ұстаған фашистік әскерлер бейнеленген. Ал оң жақ бөлікте осы газбен азаптауға қарсы шыққан адамдардың шеруі. Жоғарғы жағында «ZYKLON» деген жазу мен адамның бас сүйегінің бейнесі фашистер қолданған улы газға қарсылықты білдіреді. Мұндағы «NEIN!» сөзі «ЖОҚ!» деген мағынада адамзатты азаптауға қарсы күреске үндейді.

Композициядағы қара фонда Майданек, Треблинка, Бухенвальд, Освенцим, Дахау сынды Германиядағы азаптау лагерлерінің аттары жазылған. Суретші бұл туындысы арқылы фашизмнің

зұлымдығын, соғыстың адамзатқа әкелген ауыр зардабын бейнелеп, соғыс пен қатыгездікке қарсы үндеу тастайды.

Суретшінің келесі «Күл» атты линогравюра техникасындағы графикалық туындысы да (Қосымшаны қараңыз, 8-сурет), соғыс салдарынан сыр шертетін қызықты композициялардың бірі. Басты сюжет 1945 жылы орын алған Хиросима-Нагасаки атом жарылысына арналға. Шығарманың негізгі идеясы жаппай қырып-жою, адамның тағдыры, жазықсыз жапа шеккендер.

Композицияның жоғарғы бөлігінде «6 VIII 45» және «8 15» деп жазылған жұмбақ цифрларды байқаймыз. Бұл өз кезегінде, 1945 жылдың 6-шы тамызында таңғы сағат 8:15-те Хиросима қаласына тасталған атом бомбасын білдіреді. Атом жарылысы кезіндегі көрініс деректерде былайша сипатталады: «Жарылыс эпицентрінен төрт-бес шақырым радиуста барлық үйлер толықтай қираған, ағаштар тамырымен қопарылып, көліктер аударылған... Жалпы алғанда, ғимараттардың шамамен 90%-ы зақымданған» (Харьковский 55).

Суретші де артқы фонда жанып жатқан ғимараттар мен будақтаған түтіндер арқылы адамзат тарихындағы осы бір қасіретті сәтті бейнеленген. Композицияның төменгі жағында жапон әйелінің азап шеккен бейнесі мен сақураның суреті бар қағаздың жанып жатқанын көреміз. Оның жүзіндегі қайғы, шарасыздық және қорқыныш – атом бомбасының адамзатқа әкелген трагедиясын білдіреді. Одан әрі жантүршігерлік көріністер – зардап шеккен адамдар, қираған ғимараттар, от пен күл – көрініс табады.

Композицияның сол жақ білігінде қолына ит ұстаған әскери адамның «Jedem das Seine» деген жазу бар жерге тұтқындарды кіргізіп жатқан көрінісі орын алған. «Jedem das Seine» («Әркімге өзінікі») деген неміс тіркесі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде нацистер тарапынан Бухенвальд концлагерінің қақпасына жазылып, тұтқындарға арналып, мазақ

қылғандай мағынада қолданылған (Рязановский 132). Бастапқыда бұл сөз тіркесі Рим заңынан алынған әділдік ұғымын білдірген («әркім өзіне лайықтысын алуы керек»), бірақ нацистік режим оны қорқыныш пен зұлымдықтың символына айналдырды (Вальтер 43).

Графика мүмкіндіктері шектеулі болғанымен, жарық пен көлеңке, түстің реңктері арқылы Гаев көркем көңіл-күй тудырады. Сынған сызықтар, өткір қарама-қайшылықтар мен «тырналғандай» штрихтар көріністердің эмоциялық кернеуін арттырып, композициядағы трагедияны барынша сезінуге мүмкіндік береді.

Суретшінің соғыс уақытындағы барша трагедиялық туындыларынан кейін жеңістің туы ретінде түрлі-түсті офорт техникасында ұсынылған «Жұлдызды сәт» (Қосымшаны қараңыз, 9-сурет) композициясы болды. Ең басты назар туындының екі шетіндегі бірі қазақтың, екіншісі орыс халқының ұлттық киімін киген екі қыздың бейнесіне бағытталады. Бұл бейнелерден ұлттар арасындағы достық айқын көрінеді. Олардың қолдарында кестеленген орамалмен ұсынылған нан бар. Бұл бейбіт өмірдің, қонақжайлылықтың, тоқшылықтың символы. Бұл көрініс халықтың мәдени-рухани мұрасын, салт-дәстүріне деген құрметті білдіреді. Туындының ортаңғы бөлігінде ерлік пен жеңістің көрінісі. Жеңімпазды көкке көтеріп жатқан бір топ адам бейнеленген. Бұлар жеңіске жеткен халықтың, жарқын болашақтың бейнесі. Композицияның төменгі бөлігінде осы бір қуанышты сәтті тамашалауға келген халықтың шат-шадыман көңіл күйін көре аламыз. Ал жоғарғы бөлікте аспан аясында ғарыш кемесі мен ғарышкерлер емін еркін самғауда. Көктен жерге нұр секілді төгіліп тұрғандай әсер қалдыратын жолақтар, уақыт пен кеңістік арасындағы байланысты орнатуда.

Композициялық құрылымдағы тігінен созылған бұл жолақтар биікке көтерілуді, жеңіске жетуді білдіреді. Аспан мен жер бөлігіндегі түстік үйлесім, көлеңке мен жарықтың қарым-қатынасы уақыт пен

тарихтың бейнесін сипаттайды. Ал композициядағы эпикалық сипат шығармаға монументалдылық беруде. Бұл графикалық шығармада кеңестік кезеңдегі халықтың тарихи биікке көтерілген «жұлдызды сәті» бейнеленген. Мұнда халықтың ғасырлар бойғы арманы, тарих пен болашақ, ұлттық болмыс пен адамзаттық құндылықтар тоғысқан.

**Қорытынды.** Қорыта келгенде, Н.С. Гаев шығармаларындағы символика мен метафоралар тек оқиғаны түсіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар көрерменге эмоциялық әсер ету үшін де қолданылады. «Гаевтың шығармалары өзінің тақырыбымен ғана емес, көркем құндылықтарымен, суретшінің шығармашылық өзіндік даралығымен қызықты» (Марченко 12). Оның туындылары көрерменнің жүрегін елжіретеді, терең толғанысқа жетелейді. Ұлы Отан соғысына, фашистердің озбырлығына арналған графикалық шығармалары терең мағынаға негізделген. Балалар, аналар, жауынгерлер бейнесі арқылы, сондай-ақ көркемдік әдістер – контраст, композиция, штрихтар көмегімен – ол соғыс кезіндегі адамзаттың ішкі рухани жай-күйін ашатын көркемдік-символдық жүйе қалыптастырған. Оның графикалық туындылары қарапайымдылығымен, эмоциялық әсерлігімен және терең мазмұнымен ерекшеленеді. Композициялық шешім, сызықтық құрылым және бейнелеу құралдары арқылы автор көрерменге соғыстың және Гитлер саясатының трагедиясын терең сезіндіре білді. Ал «визуалды бейнелер арқылы өткенмен диалог құру – тарихты қайта жаңғыртып, тарихты түсінудің жаңа құралы болып табылады» – деп пайымдайды өнертанушы ғалымдар. (Sharipova D.S., Kenjakulova A.B., Kobzhanova S.Z., Orazkulova K.S., Kenzhebayeva L.A., 2020:5). Жалпы алғанда, ҚР Ұлттық музейі қорында сақталған Н.С.Гаевтың шығармашылығы – тарихи оқиғалардың көркем шежіресі, сонымен қатар адамзаттың төзімділігі,

қайғысы мен үміті туралы философиялық ой-толғау болып табылады.

### Дереккөздердің тізімі

Вальтер, Х. «Культурологический фон в пословицах-“перевертышах”». *Проблемы истории, филологии, культуры*, № 3 (45), 2014, с. 43.

[https://cyberleninka.ru/article/n/kulturologic\\_heskiy-fon-v-poslovitsah-perevyortyshah](https://cyberleninka.ru/article/n/kulturologic_heskiy-fon-v-poslovitsah-perevyortyshah).

Дата обращения: 26 августа 2025.

Қазақ өнері: 5 томдық. Графика. Алматы, Елнұр, 2013. ISBN 978-601-80417-0-9.

Марченко, Л. *Николай Гаев*. Москва, Советский художник, 1985.

Рязановский, Л. «Лозунги и девизы третьего рейха и их использование в нацистской пропаганде». *Проблемы истории, филологии, культуры*, № 3 (53), 2016, с. 132.

<https://cyberleninka.ru/article/n/lozungi-i-devizy-tretiego-reyha-i-ih-ispolzovanie-v-natsistskoy-propagande>. Дата обращения: 26 августа 2025.

Садырбаев, С. *Ғалымның хаты: ғылыми зерттеулер, мақалалар, естеліктер, көсемсөздер, ой-толғамдар*. Құрастырған Рәтбек Терлікбаев, Алматы, «Дәуір-Кітап», 2015.

Сарыкулова, Г. *Очерки истории изобразительного искусства Казахстана*. Алма-Ата, Наука, 1977.

Харьковский, Р., и С. Харьковский. «Хиросима и Нагасаки: преступление, которое осталось безнаказанным». *Вестник Московского университета им. С. Ю. Витте. Серия 2: Юридические науки*, № 4 (26), 2020, с. 55.

<https://cyberleninka.ru/article/n/hirosima-i-nagasaki-prestuplenie-kotoroe-ostalos-beznakazannym>. Дата обращения: 28 августа 2025.

*Энциклопедия искусства: терминологический словарь*. Под общ. ред. Г. К. Шалабаевой, Алматы, 2010.

Sharipova, Dilyara Safargaliyevna, Ainur Berikovna Kenjakulova, Svetlana Zhumasultanovna Kobzhanova, Kaldykul Serikbaevna Orazkulova, and Leila Abdyganievna Kenzhebayeva. “Revisiting the Kazakh Famine at the Beginning of the 1930s in Fine Art Forms from the Perspective of Cultural Memory.” *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*, vol. 12, no. 1, 2020,

<https://doi.org/10.21659/rupkatha.v12n1.16>

### References

Walter, H. “Kulturologicheskii fon v poslovitsakh-‘perevyortyshakh’.”

[“Cultural Background in Proverbial ‘Word-Play Reversals’.”] *Problemy istorii, filologii, kul'tury*, no. 3 (45), 2014, p. 43.

[https://cyberleninka.ru/article/n/kulturologic\\_heskiy-fon-v-poslovitsah-perevyortyshah](https://cyberleninka.ru/article/n/kulturologic_heskiy-fon-v-poslovitsah-perevyortyshah).

Accessed 26 August 2025. (In Russian)

Qazaq öneri: 5 tomдық. Grafika. [Kazakh Art: Five-Volume Edition. Graphics.] Алматы, Елнұр, 2013. ISBN 978-601-80417-0-9. (In Kazakh)

Marchenko, L. *Nikolai Gaev*. [Nikolai Gaev.] Moscow, Sovetskii khudozhnik, 1985. (In Russian)

Riazanovskii, L. “Lozungi i devizy tret'ego reikha i ikh ispol'zovanie v natsistskoi propagande.” [“Slogans and Mottos of the Third Reich and Their Use in Nazi Propaganda.”] *Problemy istorii, filologii, kul'tury*, no. 3 (53), 2016, p. 132.

<https://cyberleninka.ru/article/n/lozungi-i-devizy-tretiego-reyha-i-ih-ispolzovanie-v-natsistskoy-propagande>.

Accessed 26 August 2025. (In Russian)

Sadyrbaev, S. *Galymnyn haty: gylymi zertteuler, makalalar, estelikter, kosemsozder, oi-tolgamdar*. [The Scholar's Letter: Academic Studies, Articles, Memoirs, Essays, and

*Reflections.*] Compiled by Ratbek Terlikbaev. Almaty, Daur-Kitap, 2015. (In Kazakh)

Sarykulova, G. *Ocherki istorii izobrazitel'nogo iskusstva Kazakhstana.* [Essays on the History of Fine Arts of Kazakhstan.] Alma-Ata, Nauka, 1977. (In Russian)

Khar'kovskii, R., and S. Khar'kovskii. "Khirosima i Nagasaki: prestuplenie, kotoroe ostalos' beznakazannym." ["Hiroshima and Nagasaki: A Crime That Remained Unpunished."] *Vestnik Moskovskogo universiteta im. S. Yu. Vitte. Series 2: Legal Sciences*, no. 4 (26), 2020, p. 55. <https://cyberleninka.ru/article/n/hirosima-i-nagasaki-prestuplenie-kotoroe-ostalos-beznakazannym>.

Accessed 28 August 2025. (In Russian)

Shalabaeva, G. K., ed. *Entsiklopediia iskusstva: terminologicheskii slovar'.* [Encyclopedia of Art: Terminological Dictionary.] Almaty, 2010. (In Russian)

Sharipova, Dilyara Safargaliyevna, Ainur Berikovna Kenjakulova, Svetlana Zhumasultanovna Kobzhanova, Kaldykul Serikbaevna Orazkulova, and Leila Abdyganievna Kenzhebayaeva. "Revisiting the Kazakh Famine at the Beginning of the 1930s in Fine Art Forms from the Perspective of Cultural Memory." *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*, vol. 12, no. 1, 2020. <https://doi.org/10.21659/rupkatha.v12n1.16>. (In English)

**Автор туралы мәліметтер**

**Аксакалова Жазира** – ғылыми қызметкер,  
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі  
(Қазақстан, Астана).

[nurbinur\\_86@mail.ru](mailto:nurbinur_86@mail.ru)

ORCID: 0009-0001-9150-3417

**Author information**

**Aksakalova Zhazira** – researcher,  
National Museum of the Republic of  
Kazakhstan (Kazakhstan, Astana).

[nurbinur\\_86@mail.ru](mailto:nurbinur_86@mail.ru)

ORCID: 0009-0001-9150-3417

**Сведения об авторе**

**Аксакалова Жазира** – научный сотрудник,  
Национальный музей Республики  
Казахстан (Казахстан, Астана).

[nurbinur\\_86@mail.ru](mailto:nurbinur_86@mail.ru)

ORCID: 0009-0001-9150-3417

ҚОСЫМША  
28–38 бет.

APPENDIX  
pp. 28–38

ПРИЛОЖЕНИЕ  
С. 28–38



1-сурет. Гаев Н. С. «Ленинградтық өренім» 1987 ж.  
Қағаз, түрлі-түсті офорт, 65x48,5 см.  
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры

Рисунок 1. Гаев Н. С. «Ленинградское восстание» 1987 г.  
Бумага, цветной офорт, 65x48, 5 см.  
Источник: Фонд Национального музея Республики Казахстан

Figure 1. Gaev N. S. "Leningrad orenim" 1987.  
Paper, colored etching, 65x48.5 cm.  
Source: fund of the National Museum of the Republic of Kazakhstan



*2-сурет. Гаев Н.С. «Не үшін?» 1963 ж.*

*Қағаз, линогравюра, 35x51 см.*

*Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры*

*Рисунок 2. Гаев Н. С. «За что?» 1963 г.*

*Бумага, линогравюра, 35x51 см.*

*Источник: Фонд Национального музея Республики Казахстан*

*Figure 2. Gaev N. S. "For what?" 1963.*

*Paper, linogravure, 35x51 CM.*

*Source: fund of the National Museum of the Republic of Kazakhstan*



**3-сурет. Гаев Н. С. «Шарасыздық» 1 парақ, 1960 ж.  
«Қарт большевиктің естеліктері» сериясынан  
Қағаз, линогравюра, 50x48 см.**


*Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры*

**Рисунок 3. Гаев Н. С. «Отчаяние» 1 лист, 1960 г.  
Из серии «Воспоминания большевика»  
Бумага, линогравюра, 50x48 см.**

*Источник: Фонд Национального музея Республики Казахстан*

**Figure 3. Gaev N. S. "Despair" 1 sheet, 1960  
From the series "Memoirs of an old Bolshevik"  
Paper, linocut, 50x48 cm.**


*Source: Foundation of the National Museum of the Republic of Kazakhstan*



**4-сурет. Гаев Н. С. «Таң сәріде» 4 парақ, 1960 ж.  
«Қарт большевиктің естеліктері» сериясынан  
Қағаз, линогравюра, 46х37 см.**  
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры

**Рисунок 4. Гаев Н. С. «На заре» 4 лист, 1960 г.  
Из серии «Воспоминания большевика»  
Бумага, линогравюра, 46х37 см.**  
Источник: Фонд Национального музея Республики Казахстан

**Figure 4. Gaev N. S. "At dawn" 4 sheet, 1960  
From the series "Memoirs of a Bolshevik"  
Paper, linocut, 46x37 cm.**  
Source: Foundation of the National Museum of the Republic of Kazakhstan



*5-сурет. Гаев Н. С. «Өткен туралы ойлар» 6 парақ, 1960 ж.  
«Қарт большевиктің естеліктері» сериясынан  
Қағаз, линогравюра, 50х43 см.  
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры*

*Рисунок 5. Гаев Н. С. «Думы о прошлом» 6 лист, 1960 г.  
Из серии «Воспоминания большевика»  
Бумага, линогравюра, 50х43 см.  
Источник: Фонд Национального музея Республики Казахстан*

*Figure 5. Gaev N. S. "Thoughts about the past" 6 sheet, 1960  
From the series "Memoirs of a Bolshevik"  
Paper, linocut, 50x43 cm.  
Source: Foundation of the National Museum of the Republic of Kazakhstan*



*6-сурет. Гаев Н. С. «Бухенвальд нәубеті» 1964 ж.  
Қағаз, линогравюра, 52х45 см.  
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры*

*Рисунок 6. Гаев Н. С. "Бухенвальдский набат" 1964 г.  
Бумага, линогравюра, 52х45 см.  
Источник: Фонд Национального музея Республики Казахстан*

*Figure 6. Gaev N. S. "Buchenwald alarm" 1964  
Paper, linocut, 52x45 cm.  
Source: Foundation of the National Museum of the Republic of Kazakhstan*



7-сурет. Гаев Н. С. «Циклон» 1985 ж.

Қағаз, линогравюра, 51х36 см.

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры

Рисунок 7. Гаев Н. С. «Циклон» 1985 г.


Бумага, линогравюра, 51х36 см.

Источник: Фонд Национального музея Республики Казахстан

Figure 7. Gaev N. S. "Cyclone" of 1985

Paper, linocut, 51x36 cm.

Source: Foundation of the National Museum of the Republic of Kazakhstan



*8-сурет. Гаев Н. С. «Күл» 1985 ж.*

*Қағаз, линогравюра, 52х37 см.*

*Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры*

*Рисунок 8. Гаев Н. С. «Пепел» 1985 г.*

*Бумага, линогравюра, 52х37 см.*

*Источник: Фонд Национального музея Республики Казахстан*

*Figure 8. Gaev N. S. "Ashes" 1985*

*Paper, linocut, 52x37 cm.*

*Source: Foundation of the National Museum of the Republic of Kazakhstan*



9-сурет. Гаев Н. С. «Жұлдызды сәт» 1987 ж.  
Қағаз, түрлі-түсті офорт, 64,5х 48 см.  
Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры

Рисунок 9. Гаев Н. С. «Звездный час» 1987 г.  
Бумага, цветной офорт, 64,5 х 48 см.  
Источник: Фонд Национального музея Республики Казахстан

Figure 9. Gaev N. S. "The Finest hour" in 1987.  
Paper, color etching, 64.5 x 48 cm.  
Source: Foundation of the National Museum of the Republic of Kazakhstan